# Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасына келуінің және болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің тәртібін қолдану тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі 2000 жылғы 28 шілде N 422, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2000 жылғы 8 тамыз N 100 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 18 желтоқсан N 1337 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 9 сәуірдегі N 215, ҚР Сыртқы істер министрінің 2004 жылғы 14 сәуірдегі N 08-1/93, ҚР Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 14 сәуірдегі N 35-П (V042889) Бірлескен бұйрығымен.

Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасына келуін, болуын және кетуін бақылау жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында Бұйырамыз:

1. Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасына келуінің және болуының , сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің тәртібін қолдану тәртібі туралы Нұсқаулық бекітілсін және қолданысқа енгізілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаментінің директоры, Астана қаласы ІІБ-нің, Алматы қаласы ІІББ-нің, облыстардағы ІІББ-ІІБ-нің, көліктегі ІІБ-нің бастықтары шетел азаматтарының Қазақстан Республикасына келуін, болуы мен кетуін бақылауға және құжаттарын ресімдеуге қатысы бар қызметкерлердің Нұсқаулықты оқып үйренуін ұйымдастырсын және оның талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Астана қаласы ІІБ-нің, Алматы қаласы ІІББ-нің, облыстардағы ІІББ-ІІБ-нің, көліктегі ІІБ-нің бастықтары көші-қон полициясы бөлімшелерін қажетті сауалнама-арыз, есепке алу карточкасының (қатаң есептегі бланкілерінен басқа) бланкілерімен және белгіленген үлгідегі мөртаңбамен қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 1994 жылғы 31 қазандағы N 286 V940113_ бұйрығының күші жойылды деп есептелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы департаментіне және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаментіне жүктелсін.

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі - Ішкі әскерлер қолбасшысы генерал-лейтенант

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі

"Келісілді"
Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы генерал-майор
2000 жылғы 27 шілде

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2000 ж. 28 шілдедегі N 422 бұйрығымен және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің 2000 ж. 8 тамыздағы N 100 бұйрығымен БЕКІТІЛГЕН

## Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасына келуінің және болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің ережелерін қолдану тәртібі туралы НҰСҚАУ

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы нұсқау Қазақстан Республикасының Конституциясына K951000_ , " Халықтың Көші-қоны туралы" Z970204_ Қазақстан Республикасының Заңына Қазақстан Республикасы Президентінің "Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасында болуының құқықтық ережесі туралы" U952337_ жарлығына, Қазақстан Республикасымен бекітілген халықаралық шарттарына, Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 136 қаулысымен (ары-заңымен) бекітілген "Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасына келуінің, болуының сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің ережелеріне" P000136_ сәйкес әзірленді.

2. Нұсқау мынадай тәртіптерді анықтайды:

1) шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасында уақытша болуы және тұрақты тұруы құқығына арналған құжаттарын ресімдеу;

2) Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасы аумағында жүріп-тұруы және транзиттік өтуі;

3) Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасына келу мерзімін ұзарту және қысқарту;

4) Шетелдік азаматтарды тартушы, лауазымды тұлғаны қабылдаушы ұйым немесе Қазақстан Республикасына шетел азаматын шақырушы ережені бұзғаны үшін жауапқа тартылады, сондай-ақ шетелдік азамат Қазақстан Республикасынан қуылады;

5) Шетелдік азаматтарды қабылдау және олардың өтініштерін қарау;

6) Шетел азаматтарын есепке алуды жүргізу;

3. Осы ереже, егер Қазақстан Республикасының заң кесімдеріне өзгеше көзделмесе, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдарға да қолданылады.

4. Шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасына жарамды төлқұжатымен немесе оны алмастыратын құжаттарымен, егер сәйкес жақтардың шарттарында өзгеше көрсетілмесе Қазақстан Республикасының өкілетті мемлекеттік органдарымен берілген Қазақстан Республикасының рұқсатнамасы болған жағдайда келіп кете алады.

Қазақстан Республикасының рұқсатнамасын беру және ресімдеу тәртібі виза беру мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының арнайы нормативтік құқықтық кесімдермен реттеледі.

5. Шетелдік азаматтардың және азаматтығы жоқ адамдардың келуінің, болуының Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін алуы туралы өтініштері, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуін босқындардың келуі мәселесін реттейтін Қазақстан Республикасының арнайы нормативтік кесімдері реттейді Z970204_ P001346_ .

6. Қазақстан Республикасында шетел азаматтары болып танылатын адамдар Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын және өзге мемлекеттің азаматтығында екенін дәлелдей алса;

Қазақстан Республикасының азаматы болып танылмайтын адамдар және басқа мемлекеттің де азаматтығында жоқ екенін дәлелдей алмаған жағдайда азаматтығы жоқ тұлға болып табылады.

7. Қазақстан Республикасына жеке істері бойынша, сондай-ақ іс мақсаттарымен, оқуға немесе турист ретінде келген шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасы аумағында жұмысқа қабылданбауы мүмкін, рұқсатнамада көрсетілген Қазақстан Республикасының заң кесімдерінде көрсетілген жағдайлардан басқа келу мақсатына байланысы жоқ басқа да қызметтермен айналысуға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін лицензиясыз тартуға ( әкелуге), сондай-ақ уақытша келген шетелдіктердің тиісті рұқсатсыз еңбек қызметін асыруына тыйым салынады.

8. Осы нұсқауда көрсетілгендей Қазақстан Республикасында бекіткен егерде халықаралық шартта басқада заңдылықпен көрсетілсе, халықаралық шарттың заңы қолданылады.

## 2. Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасына келуі және Қазақстан Республикасынан кетуі

**Шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасына туыстарының немесе таныстарының, ұйымдардың, кәсіпорындардың және мекемелердің шақыруы бойынша келуінің тәртібі**

9. Шетелдік азаматтарды Қазақстан Республикасына қызмет бабымен, оқуға, емделуге, жұмысқа, іс мақсаттарымен және турист ретінде шақыру үшін мемлекеттік емес ұйымдар ішкі істер органына азаматтың тұрғылықты жері мен ұйымның орналасқан жері көрсетілген келесі құжаттарды тапсырады:

1) Шақырту хаты белгіленген үлгіде (1-ші қосымша) үш данада;

2) Мемлекеттік баж салығын төлегені туралы түбіртек.

Шетелдік азаматты Қазақстан Республикасына оқуға шақырған жағдайда, мемлекеттік емес оқу орны шақырту хатын орталық атқарушы облыстық білім басқармасымен келісуі қажет.

10. Шетелдік азаматтарды жеке істерімен шақыру үшін жеке тұлғалар мен шақырушы ұйымдар ішкі істер органдарына олардың орналасқан жері бойынша келесі құжаттарды көрсетуі қажет:

1. өз бетінше үлгідегі өтініш;

2. Өтініш-анкета белгіленген үлгіде (2-ші қосымша) екі данада;

3. мемлекеттік баж салығын төлегені туралы түбіртек.

11. Шақырылған адамдар, ұйымдар мен шақырушы адамдардың есепке алынуын сақтау және сақталуын және белгіленген Ереженің сақталуын талап етуі тексеріледі.

12. Материалдар міндетті түрде ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісіледі.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінде оларды қарау мерзімі үш тәуліктен аспауы тиіс.

13. Егер қалыпты жағдайда болса, өтініш берушіге:

1) жеке істерімен шақырылса - шақырту белгіленген үлгіде (3-ші қосымша);

2) басқа мақсаттармен шақырылса - ішкі істер органының рұқсаты, "келуге рұқсат" белгісін қою арқылы ресімделеді, екі данадағы шақырту хатына облыстық, қалалық ішкі істер бас басқармасының (арғысын ҚІІББ-ІІБ-ның) көші-қон полиция басқармаларының бастығымен немесе олардың орынбасарларының қолы мен рұқсатнама мөртабанымен сендіріледі. Шақырту - хатының бір данасы шақырушы адаммен бірге арғысын (Қазақстан Республикасының СІМ) консулдық қызметі Департаментіне, дипломатиялық өкілеттілігіне немесе шетелдегі Қазақстан Республикасының консулдық мекемелеріне рұқсатнама көмек көрсету үшін ұсынылады.

Шақырту мен шақырту-хатының екінші данасы шақырылған адамға Қазақстан Республикасының консулдық мекемесіне немесе дипломатиялық

өкілеттілігіне рұқсатнаманы ресімдеуі үшін жібереді. Тәуелсіз мемлекеттер Достастығына қатысушы елдер келу үшін визалық тәртіп сақталмаған, шақыру қағазы талап етілмейді.

14. Өтініш беруші шетелдік азаматты Қазақстан Республикасына туысы ауыр халде жатқан жағдайда немесе қайтыс болғаны туралы медициналық мекемелермен сендірілген шақыруды телеграф арқылы хабарлайды. Осы жеделхат негізінде шетелдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілеттілігі немесе консулдық мекемесі шетел азаматына келу-кету рұқсатнамасын кем дегенде бір айға береді.

15. Қазақстан Республикасына қызмет бабымен, жұмысқа, оқуға (тағлындана алуға) 6 айдан аса мерзімге келген шетелдік азаматтың өтініші, Қазақстан Республикасына шақыру туралы туыстары мен таныстарының ішкі істер органында қабылдаушы ұйымдардың жазбаша хаттары негізінде қаралады. Қабылдаушы ұйымдар жазбаша хаттармен бірге шетелден өз туыстарын және таныстарын шақырушының, шетел азаматтарымен толтырылған өтініш-сауалнамасын көрсетуі тиіс. Шетел азаматтарына шақыру қағазы мұндай жағдайда осы ұйымдардың өкілдері арқылы көші-қон полиция бөлімшелерімен беріледі.

16. Қазақстан Республикасы азаматының шетелдік азаматты шетелден туысын, танысын шақыруы туралы өтініші ішкі істер органына барлық қажетті құжаттарын тапсырған кезінен бастап жеті күн ішінде қаралады.

17. Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасында туыстарының бейітіне бару мақсатында келуі туысының республика аумағында жерленгені, жерленген жерінің әкімшілігінен немесе жергілікті атқарушы орынның растауы, қайтыс болғанын тіркеу туралы құжаттар, АХАТ органдары берген шетелдегі Қазақстан Республикасының консулдық мекемелері және дипломатиялық өкілдіктерімен берілген келу-кету рұқсатнамасымен іске асырылады.

18. Қазақстан Республикасына шетелдік азаматтарды шақыру үшін мемлекеттік ұйымдар, кәсіпорындар және мекемелер Қазақстан Республикасының СІМ-нің консулдық қызметі Департаментіне (арғысын Қазақстан Республикасы СІМ ККД) көрінеді.

19. Шетелдік азаматтарға Қазақстан Республикасында болу-кету тәртібі мен ережесі туралы Шетелдегі Қазақстан Республикасының консулдық мекемелерімен, дипломатиялық өкілдіктері сондай-ақ ішкі істер органдарының қызметкерлері міндетті түрде түсіндіреді.

**Қазақстан Республикасына шетелдік азаматтардың сотталғандармен кездесетін келу тәртібі**

20. Шетелдікке немесе Қазақстан Республикасында тұратын туыстарына және басқа да адамдарға заң күші бар заңдылықтарға сәйкес Қазақстан Республикасы

аумағында түзету мекемелерінде жазасын өтеуші шетелдік азаматтармен кездесуге құқық беріледі.

Сотталған шетелдік азаматтар кездесу туралы түзету мекемелерінің әкімшілігіне өтініштерін білдіреді, осы өтініш туралы қабылданған шешімді Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің Комитетіне хабарлайды (арғысын ҚАЖК).

21. Түзету мекемелерінің хабарламасы негізінде Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің ҚАЖК кездесу өткізу туралы орны мен уақыты туралы шешім қабылдайды және Қазақстан Республикасының СІМ консулдық қызметі Департаментіне хабарлайды, олар кездесуге рұқсат алушыға шетелдік азаматқа келу-кету рұқсатнамасын беру туралы шетелдегі Қазақстан Республикасының консулдық мекемелерімен дипломатиялық өкілдіктеріне нұсқау береді.

Қазақстан Ішкі істер министрлігі ҚАЖК-нің кездесу өткізу уақыты мен орны туралы ҚІІББ, ІІБ шетелден келген шетелдік азаматтың тұруы мен уақытында Қазақстан Республикасынан кетуін кездесу тәртібін бақылау үшін хабарланады.

22. Шетелдегі Қазақстан Республикасының консулдық мекемелері мен дипломатиялық өкілдіктері Қазақстан Республикасында жазасын өтеушінің туыстары мен таныс адамдарының өтініші туралы Қазақстан Республикасының СІМ арқылы ішкі істер органына немесе ұлттық қауіпсіздік комитетіне хабарлайды. Органның қалыпты шешімін қабылданғаннан кейін жазаны орындаушылар бұл туралы Қазақстан Республикасының СІМ-не хабарлайды, осының негізінде шетелдегі Қазақстан Республикасының консулдық мекемелері мен дипломатиялық өкілдіктері келу-кету рұқсатнамасын береді.

**Қазақстан Республикасына шетелдегі азаматтардың тұрақты тұруға келуі**

23. Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келгісі келетін шетелде тұратын шетелдік азамат, бұл мәселе жөнінде шетелдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелеріне өтінішін береді. Бұл өтініш екі данада толтырылған шетел азаматының кесімімен және Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінің қорытындысымен бірге Қазақстан Республикасының СІМ ККД жіберіледі.

Осы көрсетілген құжаттармен бірге өтінішке қатысты басқа да материалдар жіберіледі. Олар қазақша немесе орысша жазылуы мүмкін немесе аудармасымен болады.

24. Қазақстан Республикасының СІМ-нің ККД Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік комитетіне (арғысын Қазақстан Республикасының ҰҚК-не және Қазақстан Республикасының көші-қон және демография жөніндегі Агенттігіне) келісу үшін материалдар жіберіледі. Қазақстан Республикасының

көші-қон және демография жөніндегі Агенттігі оны жұмысқа тұрғызу, баспана және басқа да жайғастыру мүмкіндіктері туралы аумақтық-әкімшілік бірлік жөнінде өз қорытындысын жасайды.

25. Қазақстан Республикасының көші-қон және демография жөніндегі Агенттігі шешім қабылдағаннан кейін ол туралы Қазақстан Республикасының СІМ-не хабарлайды.

Осының негізінде шетелдегі Қазақстан Республикасының консулдық мекемелері мен дипломатиялық өкілдіктері тұрақты тұруға келу туралы рұқсатнама береді.

26. Өтінішті қарау мерзімі үш айдан аспауы тиіс.

27. Шетелдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық өкілдіктері берген келу рұқсатнамалары ішкі істер органында тіркеуге тұруға және белгіленген үлгідегі ықтиярхатпен құжаттандыру үшін негізгі құжат болып саналады.

**Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасына келуінен бас тарту негіздері**

28. Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасына келуінен мына жағдайларда бас тартылуы мүмкін:

1) Шетелдіктің және азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасына келуіне мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті және Қазақстан Республикасы халқының денсаулығын қорғау мүдделерін көздеп бас тартылуы мүмкін;

2) егер ол бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыс жасаса;

3) егер ол мемлекетаралық, ұлтаралық және діни араздықты тұтандырса;

4) егер ол Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне саналы түрде қарсы шықса, оның бірлігі мен аумағының тұтастығын бұзуға шақырса;

5) егер ол террорлық әрекеті үшін сотталса не бұрын жасаған ауыр немесе ерекше ауыр қылмысы үшін соттылығы болса;

6) егер ол келу туралы өтініш қозғалған кезде өзі жөнінде жалған мәліметтер хабарласа немесе қажетті құжаттар табыс етпесе;

7) егер ол бұрын Қазақстан Республикасынан қуып жіберілсе;

8) егер Қазақстан Республикасында бұрын болған кезінде оның Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасындағы құқықтық жағдайы туралы заңдарды U952337_ P000136_ , Қазақстан Республикасының кеден Z952368_ , валюта Z960054_ Z990009_ немесе өзге де заңдарын бұзған фактілері анықталса; жағдайда;

9) егер ол Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса, рұқсат етілмеуі мүмкін.

## Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасынан шығару тәртібі

29. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасынан уақытша шыққан кезде ішкі істер органына өтініш және өтініш-сауалнама (2-ші қосымша) екі данада ұсынады. Тұрақты тұруға шыққан кезде, бұдан басқа, Қазақстан Республикасында тұратын адамдардан шығушылардан нәпақы алуға (ата-аналары және бұрынғы жолдасы, егер кәмелеттік жасқа толмаған балалары бірге тұрған некеден болса) нәпақы төлемдерін іздестіру олар болмаған жағдайда нотариалды сендірілген өтінішті тапсыруы қажет. Даулы мәселелер сот тәртібімен шешіледі.

30. Барлық қажетті құжаттарды қабылдағаннан кейін белгіленген үлгіде өтініш берушіні тексеру жүргізіледі, ұлттық қауіпсіздік органдарымен шығу туралы материалдары келісіледі.

Егер материалдары дұрыс қаралса онда қазақстандық рұқсатнамамен ресімделеді.

31. Шетелдік азаматтарға Қазақстан Республикасынан шығуға рұқсат етілмейді:

1) егер өндірістегі іс аяқталғанға дейін қылмыстық жауапкершілікке тартылу негіздері болған жағдайда;

2) егер ол қылмыс жасағаны үшін сотталған болса - жазаны алғанға дейін және жазадан босатылғанға дейін;

3) егер ол сотпен жүктелген міндеттемелерді атқарудан жалтарып жүрсе, міндеттемелерді орындағанға дейін;

4) Қазақстан Республикасы заңдылықтарының, басқа да негіздері бойынша.

32. Шетелдік азаматтың Қазақстан Республикасынан шығуы оның мүліктік міндетін заңды, жеке тұлғалар алдындағы міндеттемелерін орындаған жағдайда.

## 3. Қазақстан Республикасына уақытша келген шетел азаматтарының төлқұжаттарын тіркеу және оны есепке алу

33. Қазақстан Республикасына уақытша келген шетел азаматтарының төлқұжаттарын тіркеу, Қазақстан Республикасының сыртқы істер Министрлігімен, оның өкілдіктерімен, ішкі істер органдары өз құзырына сәйкес іске асырады.

34. Төлқұжаттар Қазақстан Республикасының сыртқы істер Министрлігі мен оның өкілдіктерінде тіркеледі:

1) Шетелдік дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелер басшыларының, дипломатиялық қызмет мүшелерінің, консулдық лауазым иелерінің, дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің әкімшілік-техникалық және қызмет көрсететін қызметшілерінің, әскери атташе аппараты мен сауда өкілдіктері қызметкерлерінің және олардың отбасы

мүшелерінің, сондай-ақ егер қонақтар көрсетілген өкілдіктер мен мекемелердің аумағында тұратын болса, шетелдік дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелер басшылары қонақтарының;

2) Қазақстан Республикасына қызметтік іс бойынша келген дипломатиялық немесе қызметтік төлқұжаты бар шетелдік мемлекеттердің сыртқы істер Министрліктері қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің;

3) Халықаралық ұйымдардың Қазақстан Республикасына қызмет бабымен келген лауазымды тұлғалары, көрсетілген ұйымдардың Қазақстан Республикасындағы өкілдіктерінің қызметкерлері, сондай-ақ халықаралық ұйымдар жанындағы елдердің өкілдерінің қызметкерлері, Қазақстанда Штаб пәтері бар халықаралық шарттарға сәйкес дипломатиялық артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің;

4) Шетел ұйымдарының жетекші жұмысшылары мен басшылары инвесторларына рұқсатнамалар Қазақстан Республикасының сыртқы істер Министрлігімен беріледі;

5) Қазақстан Республикасының сыртқы істер Министрлігінің шақыруы бойынша келген адамдардың құжаттары тіркеледі.

35. Ішкі істер органында осы Нұсқаудың 34 тармағында көрсетілмеген шетел азаматтарының төлқұжаттары тіркеледі.

36. Тіркеуді ресімдеу және оны ұзарту ішкі істер органдарымен құжаттарды тапсырған күннен бастап бір тәулік ішінде жүргізіледі.

37. Қазақстан Республикасына 30 тәуліктен аспайтын мерзімге келушілерді қабылдайтын ұйымдар, қалалық, аудандық (арғысын ҚІІББ-ІІБ) келген жеріндегі ішкі істер бөлімдерінде, үш тәуліктің ішінде Қазақстан Республикасына келген уақыттан бастап, демалыс және мереке күндерін есептемегенде, шетел азаматтардың төлқұжаттарын тіркеу қажет, ал Астана және Алматы қалаларында ҚІІББ-ІІБ тікелей тіркетеді. Құжаттары бар адамдар 30 тәулік мерзімге шыққанда ҚІІББ-ІІБ тіркеледі.

38. Уақытша тұруға келген шетел азаматтарының тіркелгені туралы көші-қон полиция қызметкерлері олардың тұратын жерлерінің жергілікті учаскелік инспекторларына мерзімі туралы ескертулері қажет.

Үш тәулік рұқсат мерзімі өткеннен кейін көші-қон қызметкерлері бұл адамдардың кеткені туралы фактіні тексеруге міндетті. Егер олардың кетпегені анықталса, бұл туралы заң бұзушыларды қалалық аудандық ішкі істер органдарына шақырту және осы ережені бұзу себептерін анықтау үшін учаскелік инспекторға хабарланады.

Қажетті шаралар қабылданғаннан және кету құжаттары ресімделгеннен кейін төлқұжаты иесіне қайтарылады, көрсетілген мерзімде Қазақстан Республикасы территориясынан кетуі туралы ескертіледі. Учаскелік инспекторға, елді мекеннен

бұзақы-шетел азаматының кеткенін бақылау тапсырылады.

39. Шетелдік азаматтарды тіркеу үшін негізінен Қазақстан Республикасының рұқсатнамасы болып табылады.

Тіркеу төлқұжатқа тіркелгені туралы мөртабан соғылған қосымша бет арқылы ресімделеді (қосымша 4). Қосымша бет тек шетелдік азаматтың бірінші тіркелген орнынан беріледі.

Туристік топтарды тіркеу туралы мөртабан рұқсатнама мөрімен сендірілген ұжымдық топпен немесе топтық рұқсатнаманың артқы жағына қойылады.

Мөртабандағы жазу анық жүргізіледі, түзету енгізілген жағдайда, ол айтылады.

Тіркеу оны ресімдеген қызметкер қолымен сендіріледі. Тіркеу туралы белгіленген үлгіде жорнал жүргізіледі (қосымша 5).

40. Ұйымдарға қабылдануға келген шетелдік азаматтарды есепке алу жорналы жүргізіледі (қосымша 6), жорнал нөмірленген, тігілген, қабылдаушы ұйым жетекшісі қолы мен мөрімен сендірілуі қажет. Түзетулер енгізілсе көрсетіледі.

41. Шетелдік туристерді қабылдаушы ұйымдар, 24 сағаттан кешіктірмей олардың келгені және маршруты мен тұратын жері туралы (қонақ үйде) ішкі істер органына хабарлауға міндетті.

42. Шетелдік азаматтар қабылдаушы ұйымдарға әкімшілігіне өз төлқұжаттарын тапсырады, тіркелгеннен кейін ішкі істер органы иесіне қайтарады.

Тіркеуді ресімдеу қабылдаушы ұйымның, тұрақты шетелдік өкілдік хатында көрсетілген мерзімінде, бірақ шетелдік азаматтардың төлқұжаты мен рұқсатнамасы мерзімінен аспауы қажет.

43. Шетелдік студенттер (оқушылар) бір жылғы оқу жылына тіркеледі. Мұндай жағдайда рұқсатнаманы ресімдеу талап етілмейді.

44. Шетелдік азаматтарды жеке тұлғаларды қабылдаушы ұйымдар төлқұжатты тіркеуді ресімдеу үшін ішкі істер органына келесі құжаттарды көрсетуі тиіс:

1) (жеке тұлғалар-өтінішті өзбетінше) белгіленген үлгідегі хаты (қосымша 7);

2) шетелдік азаматтың төлқұжаты;

3) фотосуреті (33х43мм);

4) мемлекеттік баж салығын төлегені туралы түбіртегі.

Бір жылдан аса уақытқа келген адамдар, бұдан басқа, оң жақ жоғарғы бұрышында "и" әрпі бар статистикалық талон және келу парағын тапсырады.

45. Шетелдік азаматтарды тіркеген кезде ішкі істер органы қызметкерлерімен тіркеу карточкасы құрылады. (Қосымша 8) (карточкалар дұрыс ешқандай

көшірме қағазсыз жазу машенкесінде толтырылады. Егер қолмен толтырылған жағдайда тегі, аты-жөні машенке әрпімен жазылады.)

46. Шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасы аумағының жергілікті орындарына шыққан кезде, жабық шетел азаматтары болуы үшін қабылдаушы ұйымдар ішкі істер органы арқылы сәйкес өтуге рұқсат қағазы ресімделуі тиіс. Жабық аудандарға шығу туралы мәселелері ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісіледі.

47. Шетел азаматының оқуға, жаңа жұмыс орнына келгені туралы қабылдаушы ұйым ішкі істер органына жазбаша хабарлайды, осыған сәйкес жорналға тіркеу жүргізіледі.

48. Шетелден демалысқа, каникулға кеткеннен бір ай ішінде қабылдаушы ұйымдар сондай-ақ барлық шетел азаматтары туралы хабарлайды.

49. Көп реттік рұқсатнама бар шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасына келу мерзімінде өз төлқұжаттарын тіркетуге міндетті.

50. Қазақстан Республикасының шетелдік азаматтарының рұқсатпен келу мерзімі және олардың төлқұжаттарын тіркеу мына адамдарға тоқтатылады:

1) Қазақстан Республикасынан рұқсатнамасының соңғы біткен күні кетушілер;

2) рұқсатнамасыз тәртіппен - тіркеу мерзімінің соңына дейін келушілер.

Шетелдік азаматтар төлқұжатының тіркеу мерзімін ұзарту осы Нұсқаудың 39 тармағында көрсетілген тәртіпте мөртабан соғу арқылы іске асырылады.

## 4. Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасында болу мерзімін ұзарту

51. Шетелдік азаматтардың болу мерзімін ұзарту рұқсатнама беру арқылы іске асырылады.

52. Қазақстан Республикасында шетелдік азаматтардың болу мерзімін ұзарту туралы шешім жеке және заңды тұлғалардың өтініші негізінде қабылданады.

Мұндай жағдайда Қазақстан Республикасына жеке істері бойынша келген шетелдік азаматтардың болуын ұзарту мерзімі үш айдан аспауы тиіс, оқуға келгендер - жыл сайын оқу жылына, емделуге келгендер - медициналық мекеме жетекшілерімен берілген емделу кезеңіндегі медициналық қорытындысы, жұмысқа келгендерге - тұрақты мемлекеттік мекемелермен берілген қызмет кезеңіндегі лицензия мерзімі тұруға қалдыру туралы өтінішімен көрінген адамдарға қажетті құжаттарды ресімдеу кезеңінде.

Турист ретінде келген шетелдік азаматтарға болу мерзімін ұзарту айрықша жағдайда ( ауруына байланысты Қазақстан Республикасының азаматымен некеге тіркелуі ресімдеуге байланысты) расталған құжаттар негізінде қажетті мерзімге.

Шетелдік азаматтардың туристер ретінде келудің мерзімі, төлқұжаты мен рұқсатнамасы тек ерекше жағдайда ұзартылуы мүмкін (Қазақстан Республикасы

азаматымен некеге отырғанда, табиғи апаттарда, ауырғанына байланысты).

53. Ішкі істер органдарымен шетел азаматтардың төлқұжаттағы рұқсатнамасы мен уақыт мерзімі ресімделеді:

1) Қазақстан Республикасына қабылдаушы ұйымдар арқылы келушілер, Қазақстан Республикасында тұрақта шетелдік өкілдіктері қызметкерлерінің шақыруы бойынша келушілер - осы ұйымдар мен өкілдіктердің жазбаша хаты негізінде;

2) Қазақстан Республикасына жеке істері бойынша келушілер - оларды шақырушы адамдардың өтініштері және шетел азаматтарының жеке өтініші негізінде;

Сондай-ақ көрсетілгендерден басқа өтініштері мен көрінгендерінен басқа ішкі істер органдарына төлқұжаттарын және мемлекеттік баж салығын төлегені туралы құжаттарын тапсырады.

## 5. Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығына шетел азаматтарына құжаттар беру

54. Ішкі істер органымен берілген ықтиярхат алуға рұқсат алған Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтары болып табылады.

Қазақстан Республикасына уақытша келген шетелдік азаматтар оларды тұрақты тұрып қалуға өтініш жасауына болады.

55. Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқына құжаттар: шетел азаматтары үшін - Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының ықтиярхаты, азаматтығы жоқ адамдар үшін - азаматтығы жоқ адамның куәлігі, тұрақты тұруға қалдыруы бар ішкі істер органымен берілген.

56. Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға рұқсат беру туралы өтініш Қазақстан Республикасына уақытша келуші шетел азаматтарының келген жерінің ішкі істер органына беріледі.

Шетелдік азамат тұрақты тұруға рұқсат алу үшін келген жерінің қалалық аудандық ішкі істер органдарына, Астана, Алматы және облыстық орталықтарындағы ҚІІББ, ІІБ көрсетулері қажет:

1) өтініш-сауалнама (қосымша 2);

2) оның азаматтығына мемлекеттің жазбаша келісімі;

3) өмірбаяны;

4) жарамды төлқұжаты және азаматтығы жоқ адам құжаты;

5) Бұрынғы тұрған жерінен және елдердің құзырлы органдарының ( азаматтығы жоқ адам үшін, сондай-ақ үшінші елден келген шетел азаматына) Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрлігіне сотталмағаны және өтелмеген міндеттемелерінің жоқ екені туралы анықтама;

6) Шетелдік азаматпен оның отбасының белгіленген үлгідегі куәландырылған медициналық анықтамасы;

7) Тұрақты тұру үшін негізгі баспана алушыдан шетелдік азаматтығы туралы анықтама.

57. Шетелдік азаматты тұрақты тұруға қалдыру туралы іс қалалық аудандық органдардың оның келген жерін тексеру қорытындысы бойынша ҚІІББ, облыстық ІІБ-ның көші-қон басқармасына жіберіледі, ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісілгеннен кейін дәлелденген қорытынды жасалады.

58. Қазақстан Республикасындағы шетелдік азаматқа Қазақстан Республикасына көшіп келу квотасына сәйкес келушілерге тұрақты тұруға рұқсат беру туралы өтініш аумақтық Қазақстан Республикасының көші-қон және демография жөніндегі Агенттігінің бөлімшесіне береді.

Қазақстан Республикасына квота бойынша көшіп келген шетел азаматы тұрақты тұруға рұқсат алу үшін Қазақстан Республикасының көші-қон және демография жөніндегі Агенттігінің бөлімшесіне келесі құжаттарды тапсырады:

1) жарамды төлқұжаты және оралуы туралы куәлігі;

2) өтініш-сауалнама;

3) өмірбаяны;

4) Шетелдік азаматпен оның отбасының белгіленген үлгідегі куәландырылған медициналық анықтамасы;

Қазақстан Республикасына квота бойынша көшіп келушілер, шетел азаматтарына қатысты Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің облыстық бөлімшелері ішкі істер органдарына оларды жұмыспен, баспанамен және басқа да аумақтық-әкімшілік бірліктерге сәйкес тұрақты тұруға оларға құжаттар беру үшін қосымша іс жолдайды.

Оралмандардың бір мезгілде Қазақстан Республикасы азаматтығын қабылдау туралы өтініштері Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы азаматтығына байланысты мәселелерді қарау тәртібі туралы Жарлығына U963120_ сәйкес келсе, тұрақты тұру құқығына құжаттарын тапсырмауларына болады.

59. Оралмандар тұрғылықты жерін ауыстырған жағдайда Қазақстан Республикасы көші-қон және демография Агенттігінен рұқсат алуы қажет.

60. Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беруден мына жағдайларда бас тартылады:

1) көрінеу жасырын көшіп келушілерге, сондай-ақ жасаған қылмыстары үшін өздері шыққан елдердің заңдары бойынша қуғында жүрген көшіп келушілерге болып табылады;

2) қылмыс жасағанға дейінгі тұрақты тұрғылықты жері Қазақстан республикасынан шет жерлерде болған, бас бостандығынан айыру орындарынан босаған адамдар;

3) адамзатқа қарсы қылмыс жасаған немесе оған тікелей не жанама қатысып,

өз атына кір келтірген адамдарға;

4) Қазақстан Республикасынан денсаулық сақтау және басқа да уәкілетті органдарының қорытындысына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында індет таратуына себеп болуы мүмкін науқасы бар адамдарға;

5) Қазақстан Республикасындағы шетелдік азаматтардың құқықтық жағдайы туралы U952337_ заңдарды бұзған адамдарға ішкі істер және Ұлттық қауіпсіздік комитеті органдарының дәлелді шешімдері негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бас тартылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беруден бас тарту жоғарғы өкілеттік органдар, прокурор немесе сотқа шағымданады.

61. Қазақстан Республикасындағы шетел азаматына ішкі істер органымен 16 жасқа толған тұрақты тұратын шетел азаматына 5 жылға ықтиярхат беріледі. Азаматтығы жоқ адамдарға 16 жасқа толғаннан кейін келешекте 25 пен 45 жастағыларға азаматтығы жоқ адам куәлігі беріледі.

62. Жаңа ықтиярхат беру туралы немесе оны ұзарту туралы шетел азаматы тұратын жерінің ішкі істер органына ықтиярхаттың мерзімі жеткенге дейін 60 күн ішінде, ал егер оны жоғалтқан жағдайда 3 күн ішінде өтініш беруі тиіс.

Егер көрсетілген мерзімде ауырып қалуына байланысты ықтиярхатын ұзарта немесе ауыстыра алмаса аудандық қалалық ішкі істер органының бастықтары ІІБ дәлелденген анықтамаларын хабарлауға міндетті. Ықтиярхат және басқа да материалдары жіберіледі.

63. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтары төлқұжаттарының мерзімі біткенге дейін алты ай мерзім ішінде көрсетпесе ішкі істер органдарының қорытындысы негізінде азаматтығы жоқ тұлға куәлігі беріледі.

64. Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасындағы мекен-жайы өзгертіледі, егерде азаматтығы жоқ тұлға куәлігінің иесі ішкі істер органына жарамды төлқұжатты ұсынса.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматы Қазақстан Республикасы азаматтарының заңдылықтарында P000136_ көрсетілген уақытша және тұрақты тіркелуге тиіс. Тұрғылықты жерін ауыстырған жағдайда ішкі істер органынан оның ісі сұратылады.

65. Шетел азаматтарының ықтиярхатын алу, ауыстыру үшін ішкі істер органына:

1) белгіленген үлгідегі өтініш (қосымша 9);

2) жарамды төлқұжаты (шетел азаматы үшін);

3) төрт фотосуреті 33х43мм;

4) мемлекеттік баж салығын төлегені туралы түбіртек.

66. Ықтиярхатты ресімдеу үшін шетел азаматтарынан мынадай құжаттар

қабылданады:

1) облыс орталықтарындағы ҚІББ, ІБ-да тұратындар;

2) басқа да жергілікті аудандық, облыстық ішкі істер органдарында тұратындар (полиция бөлімшелерінде).

67. Қазақстан Республикасындағы шетел азаматын ықтиярхатпен және азаматтығы жоқ тұлға куәлігімен жеке басын куәландыратын құжаттар беру тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің құқықтық нормативтік кесімдеріне V960279_ сәйкес ресімделеді.

68. Ықтиярхатын жоғалтқан жағдайда, Қазақстан Республикасындағы шетел азаматы тұратын жерінің ішкі істер органына ықтиярхаттың жаңасын беру туралы өтініші қабылданады. Өтініште ықтиярхаттың жоғалтқан уақыты мен орны, жағдайы көрсетілуі тиіс.

Ықтиярхатын ауыстырған немесе жоғалтқанының орнына құжат алған шетел азаматын тіркегенде алғашқы құжатында көрсетілген тіркеу күні қойылады.

69. Ықтиярхат пен азаматтығы жоқ тұлға куәлігін ішкі істер органына тапсыру мына адамдарға жүргізіледі:

1) Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған және Қазақстан Республикасының төлқұжатын алғандарға;

2) иесі қайтыс болған жағдайда (АХАТ органы оның құжаттарын Ішкі істер органына жібереді, қайтыс болған адам тіркеуде тұрған жерінен);

3) ескі ықтиярхатты жаңасына айырбастаған кезде.

Ықтиярхат ішкі істер органына иесі Қазақстан Республикасынан тыс жерге шыққанда тапсырылады.

## 6. Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұруы

70. Шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасының шетелдік азаматтардың болуы үшін ашық аумағы бойынша еркін жүріп-тұра алады.

71. Қазақстан Республикасына уақытша келген шетелдік азаматтарының республиканың басқа аймақтарына сапары туралы оларды қабылдаушы жеке немесе заңды тұлға ескертеді. Қабылдаушы ұйымдар жорналды тіркегені туралы белгі қойғаннан кейін ішкі істер органдарын шығу тармағын көрсетіп, осы тармақ мерзімі мен келген мекен-жайын көрсетіп ескертеді. 10 күннен аса мерзімге шықса онда тіркелу қосымша бетке .... Шықты деген белгі қойылады. ( шыққан орны, мысалы Атырау облысы) көрсетіледі. Егер жабық аудандарға шықса (қосымша 10), ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісілген рұқсат қағаз беріледі (қосымша 11).

Шетелдік азаматты жаңа орынға есепке алу жорнал бойынша жүргізіледі ( қосымша 5).

Шетелдік азаматтар үшін жабық жекелеген жерлерге (аймақтарға) баруына,

сондай-ақ жеке немесе қызмет автокөлігінде шығуына ішкі істер органымен ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісілген рұқсаты беріледі:

1) Қазақстан Республикасына қазақстандық қабылдаушы ұйымдарға келушілерге - осы ұйымдардың жазбаша хаты негізінде;

2) тұрақты шетелдік өкілдіктерге келушілер жеке істерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты тұратындар үшін - жеке өтініштері негізінде ;

Негіздемесі болған жағдайда көп реттік сапарға рұқсат ресімделеді. Қазақстан Республикасындағы жеке істерімен қабылдаушы ұйымдар шетел азаматтарына жабық жекелеген жерлерге шығуына рұқсат жазбаша хат келіп түскеннен кейін 20 күн ішінде осы аудандарға келу мерзімі көрсетіліп беріледі.

Шұғыл (туысы қайтыс болған жағдайда, ауыр сырқаты-құжатпен расталған) жағдайда рұқсат ұлттық қауіпсіздік органына хабарлау арқылы беріледі.

72. Жеке немесе қызмет автокөлігіндегі шетел азаматы, сондай-ақ халықаралық автокөлік тасымалдаушы, шетел азаматтары үшін ашық жерлермен жүруіне аймақтық автокөлік жолдарымен еркін қатынасуына болады. Шетел азаматтары үшін жабық жерлерге баруы үшін ішкі істер органдарының ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісілген рұқсаты болған жағдайда.

73. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтары шетел азаматтарына жабық жерге көшкенде тұратын жерінің ішкі істер органынан рұқсат алуы қажет. Көшуге рұқсат ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісіледі. Жекеісі жаңа қоныс аударған жеріне есепке алу үшін ішкі істер органына жіберіледі.

## 7. Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттік өтуі

74. Шетелдіктердің баратын еліне әуе, темір жол, автокөлік және теңіз көлігі арқылы транзиттік өтуіне, оларда үшінші елге кіруге жарамды құжаттар мен Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан айлаққа, стансаға келген сәттен бастап 72 сағаттан кешіктірілмей Қазақстан Республикасының аумағындағы ауысып міну мекенінен кететін күні расталған тиісті жол жүру құжаттары (билеттері) болған жағдайда рұқсат етіледі.

75. Қазақстан Республикасы аумағы арқылы мемлекеттерге олардың азаматтығының рұқсатнамасыз келу туралы келісім бар елдерге транзитпен өтетін шетелдіктерде Қазақстан Республикасының транзиттік рұқсатнамасы болуы міндетті, егер Қазақстан Республикасының келісімдері мен халықаралық шарттары көрсетілмесе.

76. Қазақстан Республикасы арқылы транзитпен өтетін шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасынан шығуы көрсетілген жол бағыты бойынша шекаралық мекенінен шығуы тиіс.

Егер транзиттік өту туристік мақсаттарда жеке автомобильде немесе топ құрамымен автобуста қолданылса онда шетелдік азаматтар көрсетілген жол бағытымен жүруі тиіс.

77. Қазақстан Республикасынан шығатын шекаралық мекен мен жол бағытын өзгерткісі келген шетелдік азамат міндетті түрде ішкі істер органынан рұқсат алуға тиіс.

Шығушы жабық жерлер арқылы жол бағытты өзгертуіне Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік органымен келісуі шарт.

Осы мәселе туралы көрінген шетел азаматы ҚІББ, ІБ-на Қазақстанның транзиттік рұқсатнамасымен төлқұжатын және себебі жазбаша көрсетілген өтінішін, жол бағытын өзгертуін қажетті шығу БЖП-не.

78. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарымен транзитпен өтетін, оның ішінде тасымалдауды жүзеге асыратын шетелдіктер тек демалуға, тамақтануға жол бағытында орналасқан мекендерде аялдауларына болады.

79. Қазақстан Республикасы аймағы арқылы транзитті поездбен өтетін шетел азаматтары поезд тоқтаған кезде стансаларда шығуына құқығы бар. Оларға станса маңынан және вокзал алаңынан әрі кетуге тыйым салынған.

80. Қазақстан Республикасы аумағы арқылы транзитпен өтетін және еріксіз аялдауға мәжбүр шетел азаматтарына 72 сағат мерзім ішінде Қазақстан Республикасында болуына рұқсатты ресімдеу ішкі істер органында жүргізіледі.... Қазақстан Республикасы территориясында шетел азаматтарының еріксіз аялдауын ресімдеу келесі жағдайларда жүргізіледі:

1) күтпеген жағдайда, поезд, автокөлік құралдарының, ұшақ қозғалысының кідіруі;

2) автокөлік құралдарын жөндеу, оның бөлшектері ақауы бұзылғанда немесе автокөлік оқиғалары болған жағдайда;

3) ауырған жағдайда, дәрігердің қорытындысы бойынша ауруы денсаулығына қауіпті болса. Мұндай жағдайда науқаспен бірге оның отбасы мүшелері және оның қасындағы ілесуші адамдарының қалуына болады;

4) көлік түрлерінің бірінен басқасына мінгенде көп тоқтайтын түйіскен мекенде кідірген жағдайда.

Еріксіз аялдау шетел азаматтарына қала мен елді мекеннің шегінде тоқтауына рұқсат етеді, ол тек еріксіз аялдаған кемшіліктердің себептерін жою үшін.

81. Еріксіз аялдаған шетел азаматтарын тіркеу көліктегі ішкі істер органдарымен жүргізіледі.

Еріксіз аялдауға ресімделуі үшін шетел азаматы ішкі істер органына келесі құжаттарды көрсетуі тиіс:

1) жазбаша түрдегі аялдауға ресімдеу туралы өтініші;

2) рұқсатнамасымен төлқұжаты;

3) жол жүрудегі кідірісін растайтын қазақстандық ұйымдар мен мекемелердің анықтамасы.

82. Еріксіз аялдауға себепші болған тіркеу мерзімі оның уақытымен анықтайды.

Ауруханада болған шетел азаматтарының төлқұжаттарын тіркеу, ол емделіп шыққаннан кейін ресімделеді. Оның отбасымен ілесуші адамдарының төлқұжаттарын тіркеу еріксіз аялдау мерзімінен медициналық мекеме анықтамасында көрсетілген шетелдік азаматтың ем қабылдауы үшін тәулік ішінде ресімделеді.

83. Қазақстан Республикасынан шығушы шетелдік азамат республика аумағында еріксіз аялдауға мәжбүр болғандар 72 сағаттан аспаған уақыт ішінде ішкі істер органдарының транзиттік рұқсатнамасынсыз өтуіне болады.

**8. Шетелдік ұйымдарға қабылданушы лауазымды тұлғаларды, шетел азаматтарын және басқа Қазақстан Республикасы азаматтарын ережені бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту**

84. Қазақстан республикасындағы шетел азаматтарының болуының Ережесін бұзғаны, құқықбұзушылық туралы 201, 201-1 баптарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

85. Қазақстан Республикасы азаматтары мен шетел азаматтарын қабылдаушы ұйымдардың лауазымды тұлғалары белгіленген үлгідегі Ережені бұзса, ішкі істер органы қызметкерлерімен әкімшілік бұзушылық туралы хаттаманы толтырады ( қосымша 12). Бұзушының жеке басын куәландыратын төлқұжаты туралы мәліметтерді енгізуі туралы, тіркеу туралы келесі мәліметтері көрсетіледі: нөмері , ішкі істер органы, тіркеу мерзімі көрсетіледі.

Егер шетел азаматы мемлекеттік тілде немесе ұлтаралық тілде нашар сөйлесе хаттаманы толтыру кезінде міндетті түрде аудармашы қажет.

86. Қазақстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес белгіленген ережені бұзушы шетел азаматы келесі келу үшін негізі жоқ болған жағдайда, Қазақстан Республикасына келуінің анық мерзімі қысқартылады.

Қазақстан Республикасына келу мерзімін қысқарту туралы шешімі Ішкі істер министрлігінің көші-қон полиция бөлімшелерінің, ҚІІББ, ІІБ бастықтары мен орынбасарларының қабылдаушы ұйымдарға жазбаша өтініш жасайды, Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарына немесе өз бастамасымен қолданылады.

87. Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының болуының мерзімін қысқарту туралы және оларды қабылдайтын ұйымдар әкімшілігі төлқұжаттарын жұмыстан шығару туралы бұйрық шыққаннан немесе шетел азаматтарын оқудан шығарғаннан кейін 48 сағаттан кешіктірмей жазбаша өтінішті көрсетеді.

88. Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының болу мерзімін

қысқарту туралы шешімі ішкі істер органы мен қауіпсіздік комитеті қызметкерлерінің мәлімдемелері мен ұсынымдары негізінде қабылдануы мүмкін және прокуратура органының нұсқамасы негізінде.

Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының болу мерзімін қысқарту негізі тұрақты шетел өкілдіктеріндегі, сондай-ақ осы өкілдіктері мен қазақстандық ұйымдардың жазбаша өтініштері болады, осы өкілдіктер тіркейді.

89. Қазақстан Республикасында шетел азаматтарының болу мерзімін қысқарту туралы шешімі қалалық, аудандық ішкі істер органдары, ҚІББ, ІІБ, Ішкі істер министрлігінің көші-қон полиция бөлімшелері бастықтары мен орынбасарларының жазбаша нұсқаулары негізінде ресімдейді.

90. Қазақстан Республикасында шетел азаматтарының болу мерзімін қысқарту уақыты қазақстандық қабылдаушы ұйымдар өтініштерінде көрсетіліп жүргізіледі. Бұл мерзім Қазақстан Республикасына жеке істерімен немесе Қазақстан Республикасындағы тұрақты шетелдік өкілдіктер ішкі істер органдарының есепке алу уақытымен анықталады.

БРП-ға дейін қажетті қайту жолына билет алу қажет.

91. Қазақстан Республикасынан шығу үшін жарамды келу-кету рұқсатнамасы бар шетел азаматтары Қазақстан Республикасында болу мерзімін қысқартуды ресімдеу мөртабан соғу арқылы ресімделеді (қосымша 13).

92. Шетел азаматына төлқұжатты тапсыру кезінде (арқылы осы ұйымның өкілдері арқылы келгендерді қабылдаушы ұйымдарға), Қазақстан Республикасында болу мерзімі қысқартылғаны және Қазақстан Республикасынан белгіленген мерзімде шығуы міндетті түрде хабарланады, егер шықпаған жағдайда Қазақстан Республикасынан кетіріледі.

93. Қазақстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес шетел азаматы Қазақстан Республикасынан мынадай жағдайларда кетірілуі мүмкін:

1) егер оның қылықтары мемлекеттік қауіпсіздікпен қамтамасыз етуге немесе қоғамдық тәртіпке қайшы келсе;

2) егер денсаулық сақтау және халықтың тәртібімен Қазақстан республикалық заңдылық қызығушылықтары;

3) егер ол Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық ережелері туралы заңдылықтарын U952337_ , кедендік Z952368_ , валюталық Z960054_ Z990009_ және басқа да Қазақстан Республикасының заңдылықтарын бұзса;

94. Қазақстан Республикасына қабылданушы ұйымдарға келушілер шетелдік азаматты кетіру туралы жазбаша өтінішті Ішкі істер министрлігінің ұйымдарына, ҚІББ, ІІБ, қауіпсіздік комитеті органдарына Қазақстан Республикасының Заңдылықтарында көрсетілген негізде кешіктірілмей ұсынады U952337_ P000136_ V001100_ .

Қазақстан Республикасының заңдылықтарында көрсетілген негіздемесі болған жағдайда мұндай шетелдік азаматтарды кетіру ішкі істер органдарымен ұлттық қауіпсіздік комитеті материалдарымен ресімделеді. Мұндай жағдайда Қазақстан Республикасынан шетелдік азаматты кетіру тұрақты тұратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасында жеке істерімен немесе Қазақстан Республикасындағы тұрақты шетелдік өкілдіктерді кетіру туралы және осы органдардың мәлімдемелері мен ұсынымдары негізінде материалдары қаралып ресімделеді.

95. Таратылатын істермен айналысатын, материалдар тартушы, кедендік, валюталық заңдылықтарды бұзушы шетел азаматтарын кетіру туралы шешімді, қылмыстық жауапкершілікке тартылу енгізіп болған жағдайда Қазақстан Республикасының СІМ, Ішкі істер министрлігі куәландырылған шешімімен Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінде Бас прокуратура келісімімен қабылданады.

96. Шетел азаматын кетіру мерзімі кезінде мыналар есептелінсін:

1) шетелдік шығу және транзиттік рұқсатнама мерзімі;

2) оқу орнымен мекемелердің, кәсіпорындардың есебінен кетушілер;

3) Қазақстан Республикасынан әкетілмейтін мүлігін тарату немесе беру уақыты үшін.

97. Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын кетіруінің отбасы Қазақстан Республикасынан кету туралы тілек білдірсе Қазақстан Республикасынан өзінің кетуі туралы заңда белгіленген тәртіпте шешіледі. Мұндай мәселелер шетел азаматының кетіру мерзіміне әсер етпейді.

98. Қазақстан Республикасынан қуылушы шетел азаматына Қазақстан Республикасында уақытша болған кезінде рұқсатнамасына "Кетірілсін" деген жазу жүргізіледі.

99. Шетел азаматына кетірілу туралы шешім қабылданып, Қазақстан Республикасынан кетуден бас тартқан белгіленген ішкі істер органдарымен немесе олардан жасырынушылар, прокуратурасымен рұқсат беру мерзімге ұсталған.

100. Шетел азаматтарын ұстау және оларды кетіру мәжбүрлі түрде Ішкі істер министрлігі, ҚІІББ, ІІБ, АІІБ-ның қаулысымен республика прокурорының, облыстық, аудандық (Алматы, Астана қалаларының прокурорлары) рұқсат беруімен Қазақстан Республикасынан жергілікті келген жерінен сот шешімімен қуылады. Бұдан басқа қуылуға және мемлекеттік шекара арқылы өтуге қажетті құжаттарды тапсыруы қажет:

1) Қазақстан Республикасынан қуылуы туралы қорытындысы 2 данада (қосымша 14);

2) рұқсатнама мөрімен сендірілген (2 данадағы) белгіленген ережені бұзғаны

үшін қуылушылардың тізімі;

3) жеке басын куәландыратын құжат;

4) жеке басын куәландыратын құжаты болмаған жағдайда жеке басын растайтын анықтама немесе Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрлігінің елшілігінен алынған оралуы туралы куәлік;

Мұндайда қуылу туралы қорытынды Қазақстан Республикасының шегінен шетел азаматын шығару үшін шығу рұқсатнамасын ауыстыру негізгі болып табылады.

101. Қуылу шығынын қуылушы шетел азаматы өзіне алады немесе қабылдаушы ұйымдар мен жеке тұлғалар ішкі істер органы болмаған жағдайда.

102. Прокурор рұқсатымен қуылу туралы қаулыны рұқсат беруші шетелдік елшілік және консулдықтардың өтініштері олардың өкілдері республикадан жан-күзетпен қуылуға ұсталған шетел азаматтарымен кездесу ұйымдастыру туралы өтініштері қанағаттандырылады. Мұндай кездесуге рұқсат туралы Ішкі істер министрлігіне, ҚІББ, Қазақстан Республикасының СІМ-нен ІБ-на хабарлама түседі. Кездесу прокурор, Ішкі істер министрлігінің, ҚІББ, ІБ-нің және Қазақстан Республикасының СІМ-нің қызметкерлерінің қатысуымен, егер ісі қауіпсіздік комитетінің құзырлы органдарына қатысты болса онда олардың өкілдерінің қатысуымен міндетті түрде әңгімелесу құрамы жазылып жүргізіледі.

Дипломатиялық төлқұжаттары бар шетел азаматтары, Қазақстан Республикасының белгіленген заңдылықтарына немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының артықшылықтарымен және әкімшілік юрисдикциялық иммунитеттеріне ие адамдар және оларға қатысты барлық мәселелер дипломатиялық жолмен өкілдіктері арқылы шешіледі.

## 9. Шетел азаматтарының төлқұжаты мен кету құжаттарын жоғалтқаны туралы өтініштерін қарау

103. Өзінің төлқұжаты мен оны алмастыратын құжаттарын жоғалтқан шетелдік азамат аудандық, қалалық ішкі істер органына төлқұжатын қашан, қайда нендей жағдайда жоғалтқаны туралы өтініш тапсыруы қажет. Осы өтініш негізінде қалалық, аудандық ішкі істер органы шетелдік азаматқа белгіленген үлгідегі (қосымша 15) анықтама береді.

Осы анықтама негізінде шетелдік азамат өз азаматтығындағы мемлекеттік өкілдіктен қайтуға жаңа төлқұжат немесе құжат (куәлік) алады, ішкі істер органдарымен кету рұқсатнамасы ресімделеді.

Қабылдаушы ұйымдар шақыруымен келген адамдар осы ұйымдар арқылы ішкі істер органына көрінеді.

## 10. Ішкі істер органындағы шетел азаматтарын дербес есепке алу

104. Шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы Қазақстан Республикасының заңдылық нормаларын сақтауға бақылауды іске асыру негізінде Ішкі істер органдары өз құзырына сәйкес тіркелген шетел азаматтарына дербес есепке алуды жүргізеді.

105. Шетелдік азаматтарды дербес есепке алу Ішкі істер министрлігі, облыстық ҚІББ, ІБ және қалалық, аудандық ішкі істер көші қон полиция бөлімшелері есепке алу карточкаларынан тұратын әліпби-анықтама мен арнайы картотекалар арқылы іске асырылады. (қосымша 8 және 16).

106. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіндегі шетел азаматтарын есепке алу мына жағдайларда жүргізіледі:

1) әліпби-анықтамалық картотекада - тұрақты тұратын және бұрын да тұрған шетел азаматтары, сондай-ақ босқындар мен репатриант (оралмандар);

2) арнайы картотекада, шетел азаматтарын - есепке алу карточкасынан тұратын, шетел мемлекетке қайтарылғандар, сотталғандармен Қазақстан Республикасы түзету мекемелерінде отырғандар (қосымша 16).

107. Шетелдік азаматтарды облыстық ІБ, ҚІББ-да, Астана қаласының ІБ, Алматы қаласының ҚІББ есепке алу былай жүргізіледі:

1) әліпби - анықтамалық картотекада - шетел азаматтары мен босқын мен репатрианттар, оралмандар, облыс, қала территорияларында тұрақты тұратын, сондай-ақ шетелден немесе республиканың басқа жерінен жеке істерімен, қызмет бабымен, оқуға, өндірістік тәжірибе алмасуға, біліктілігін арттыруға, үкіметаралық шарттарға сәйкес жұмысқа, демалуға, емделуге, уақытша тұруға келген шетел азаматтары, егер олардың төлқұжаты ішкі істер органында тіркелсе ;

2) арнайы картотекада - азаматтығы бойынша тұратын шетел азаматтары. Бұл картотека есепке алу карточкасынан құрылады:

шетелдік азаматтарға - азаматтығы бойынша, азаматтығы жоқ адамға - бұрынғы азаматтығы бойынша, әліпби бойынша әрбір азаматқа санаты бойынша бөлек салынады;

3) арнайы картотекада - сотталған және бас бостандығынан айырылып жазаны өтеу жеріне жіберілген, азаматтық жауапкершілікке тартылған шетелдік азаматтарын, шетел мемлекетке қайтарылғандар, есепке алу карточкасынан жасалады (қосымша 16) тегі, азаматтығы әліпби бойынша салынады).

108. Қалалық, аудандық ішкі істер органдарының (полиция бөлімшелерінде) көші-қон полиция бөлімшелерінде қызмет көрсетілетін аумақта тұратын шетел азаматтарын есепке алу.

Келу мерзімін тексеру есепке алу карточкасы және арнайы жорнал арқылы іске асырылады. (қосымша 5).

Қазақстан Республикасында тұрақты адамдар, сондай-ақ 1 жылдан аса

мерзімге келушілер карточка арқылы есептелінеді. Уақытша бір жыл мерзімге келген адамдар тіркеу жорналы бойынша есептелінеді.

Полиция учаскелік инспекторы шетелдік азаматтың келу мерзімін тексеру үшін көрсетілген есепке алуды қолданады, сондай-ақ қызмет көрсетілетін аумақта тұрақты тұратын және бір жылдан аса мерзімге шетелдік азаматтарды тізімдік есепке алуды жүргізеді.

ІІБ-на ай сайын мәліметтер беріледі:

1) қалалық, аудандық органдарда тіркелген шетел азаматтарының есебі туралы;

2) аудан (қала) аумағында тұратын уақытша тұратын шетелдік азаматтардың есебі туралы;

3) тұрақты тұратын азаматтардың есебі туралы;

4) қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамдар саны туралы.

109. Әліпби-анықтамалық картотекада есепке алу карточкасы қатаң түрде әліпби бойынша қойылады. Тегі бірдей болған жағдайда карточка аты бойынша әліпби ретімен қойылады, ал аты, тегі бірдей болған жағдайда қосымша әкесінің аты әліпби бойынша, тегі, аты-жөні бірдей болған жағдайда (үлкеніне кішісіне дейін) туған жылы, айы, күні, егер туған жылы, айы, күні бірдей болса онда әліпби азаматтығы бойынша әліпби құрылады, туған жері-елі, қайда туғаны.

Тегін өзгертуші адамдар, оның ішінде тегін өзгертушілерге әрбір тегіне есепке алу карточкасы жүргізіледі. Әрбір карточкада әрбір бағаны толық толтырылып, тегі, өзгертілген тегіне - жаңа және ескі тегі көрсетіліп жазылады.

Егер Шульц тегіндегі адам, ол Шмидт, ол - Гейман, үш карточка құрылуы тиіс:

Біріншісі - Шульц, ол - Шмидт, ол - Гейман;
Екіншісі - Шмидт, ол - Шульц, ол - Гейман;
Үшіншісі - Гейман, ол - Шульц, ол - Шмидт;

Шетел азаматының тегі, аты-жөні ұлттық төлқұжатында қалай көрсетілсе, сол әліпбимен есепке алу карточкасына жазылады. Мұндайда жазылу тәртібі қатаң сақталады:

1. тегі, 2-аты, 3-әкесінің аты (әкесінің аты, екінші аты). Шетел азаматтарын есепке алу карточкасына фотосуреті жапсырылады.

110. Астана қаласының ІІБ, Алматы қаласының ҚІІББ, облыстық ҚІІББ-ІІБ Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінде тіркелген адамдарға екі данада есепке алу карточкасы құрылады, біреуі ресімделгеннен - 72 сағат ішінде Ішкі істер министрлігіне жіберіледі, ал екіншісі - ҚІІББ, ІІБ-на кіргізіледі.

Егер қосымша мәліметтер мен берілгені өзгертулер есепке алуға көрсетілуге жатқызылса, онда ІІБ-ғы әліпби және арнайы картотекаға сәйкесінше жазулар

енгізіледі. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің есебіндегі адамдарға шетелдік азаматтарды есепке алуды өзгерту туралы хабарланады ( қосымша 17). Қазақстан Республикасына хабарлама жіберу есепке алу карточкасын жіберу тәртібімен іске асырылады.

Хабарлама жіберіледі:

1) Қазақстан Республикасы шегінде тұрақты тұратын жерін өзгертсе (аумаққа келген шетел азаматтары ІІБ-нан Ішкі істер министрлігіне хабарлама жібереді);

2) шетелдік азаматтар шетел мемлекетіне қайтарылса, қылмыстық жауапкершілікке тартылса және айыпталса;

3) шетелдік азамат тегі мен аты-жөнін, туған жылы мен айы. Күнін өзгертсе;

4) шетелдік азамат іздеу, іздеу қорытындысы туралы жарияланса;

5) есептен алынса.

111.Шетел азаматын ішкі істер органынан есептен алу ішкі істер органының аумағынан есептен алынғаны расталған құжаттар негізінде іске асырылады. Мұндай құжаттар болып:

1) шетелге тұрақты тұруға кетуі туралы құжатты ресімдеуші учаскелік полиция инспекторының өтініші;

2) шетелден демалыстан, каникулдан оралмағаны туралы ұйымның шетелдік азамат туралы хабарламасы;

3) басқа ішкі істер органына шетелдік азаматты есепке алу қою туралы хабарламасы;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің шетелдік азаматты Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы ішкі істер органының шетелдік азаматты Қазақстан Республикасы азаматы деп танылған қорытындысы .

5) Шетел азаматының қайтыс болғаны туралы АХАТ органының куәлігі.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік азаматтарды есепке алу карточкасына, есептен алынса алыну себебі туралы жазылуы тиіс, ал құжаты жазылуға негіз болған жеке ісіне тігіледі.

112. Әрбір бас бостандығынан айрылған шетел азаматына ҚІББ, ІІБ-сы сотталушы есепке тұрған жерінен, үкім күшіне енгеннен кейін бас бостандығынан айыру әкімшілігіне арнайы хабарлама жіберуге міндетті ( қосымша 18). Егер басқа ІІБ қызмет көрсететін аумақтан шетел азаматы сотталса, онда үкім заң күшіне енгеннен кейін сотталушы есепке алынған жердің ІІБ-на хабарлауға міндетті.

Шетелдік азамат сақшымен босатылған жағдайда бас бостандығынан айыру орнының әкімшілігі босатылушы баратын аумақ ІІБ-на босатылған күні, айы, жылы, нөмірі көрсетілген анықтаманы хабарламаны жіберіледі.

Екінші рет сотталған бас бостандығынан айырылған азаматтар туралы түзету

мекемесінің әкімшілігі ІІБ-на хабарлауға міндетті, жолданған хабарламада азаматтың қандай баппен, қашан, қандай мерзімге қайта сотталғаны көрсетілуі тиіс.

Бас бостандығынан айыру кезінде қайтыс болған шетел азаматтарына қайтыс болғаны туралы куәлігінің көшірмесімен бірге сотталушы есепте тұрған жердің ІІБ-на хабарламасы жіберіледі. Осындай тәртіптегі хабарлама шетелге шығушыға да жіберіледі.

Бас бостандығынан айыру орнындағылардың азаматтығын тексеру белгіленген үлгіде сотталушының келу орнының ІІБ көші-қон полиция Басқармасымен жүргізіледі.

Жаза алушы азаматтар шетел азаматтығында екендігі жөнінде өздері хабарлайды, жеке істерінде сотталғанын қуаттау үшін бас бостандығынан айыру орнының әкімшілігі оның бұрынғы тұрған жерінің ІІБ-на оның азаматтығын тексеру үшін хабарлама жіберуге міндетті. Мұндай тексеру босатылғанға дейін жүргізілуі тиіс.

113. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын әрбір шетел азаматына есепте тұрған жерінің ІІБ көші-қон полиция бөлімшелерінде осы адамға қатысты барлық материалдары жеке ісінде тігіледі.

Істе тігілген құпия құжаттары, сондай-ақ жеке құжаттарымен пакеті міндетті түрде осы істің құжаттар тізіміне қосылады.

Мұндай жағдайда істің сыртына "Құпия" және жеке істі есепке алу туралы белгісі қойылады.

Шетел азаматтарының жеке және топтық істері жеке істерді есепке алу кітабында тіркеледі (қосымша 19).

Кітаптың реттік нөмірі істің де реттік нөмірі болып саналады, істің сыртындағы және есепке алу карточкасына да қойылады.

Шетел азаматтарының жеке істері сақталуы қамтамасыз етілген жайларда сақталады.

Істері басқа органдарға берілгені туралы жеке ісін тіркеу кітабына және есепке алу карточкасына сәйкес белгілер қойылады.

114. Қазақстан Республикасына уақытша келген шетел азаматтарына жеке істері ашылмайды. Мұндай адамдарға қатысты барлық хат жазысулар анық категориялы адамдарға арналған топтық істерге тігіледі. Топтық істер келесі белгілермен толтырылады:

1) Қазақстан Республикасына шетел азаматтарын қабылдаушы министрліктер мен ведомстволар;

2) Шетел азаматтары келетін елдер;

3) Қазақстан Республикасына келу мақсаттары бойынша;

4) шетел азаматтары келетін әкімшілік аудандары бойынша;

Топтық істер жеке істер сияқты есептеліп, сақталады.

115. Ауданды, қалалық ішкі істер органдарында шетелдік азаматтарға жеке істер жүргізілмейді. Осы адамдарға қатысты барлық материалдар ІІБ-на жеке ісіне қосу үшін жіберіледі.

Шетел азаматтары мәселелеріне қатысты ІІБ-мен хат жазысу үшін қалалық, аудандық ішкі істер органдарында оған арнайы іс жиынтығы бойынша нөмір берілген іс жүргізіледі.

116. Шетел азаматтарының мұрағаттық жеке істері сақталады:

1) шетелге тұрақты тұруға шығушылар және қайтыс болғандар үшін - 10 жыл ;

2) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан және одан тұрақты шыққан азаматтар;

3) Қазақстан Республикасынан қуылғандарға - 10 жыл;

4) Қазақстан Республикасы азаматтығына тұрақты қабылданғандарға;

5) азаматтығы ішкі істер органдарымен тексерілген адамдарға тұрақты.

Осы адамдардың есепке алу карточкалары тұрақты сақталады.

Қазақстан Республикасынан қуылған шетел азаматтарының есепке алу карточкалары 10 жыл сақталады.

Әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамдардың есепке алу карточкасы шетелдік азаматты әкімшілік жауапкершілікке тартқан кезден бастап бір жыл сақталады, жазасын өтеушілерге сотталғанын өтеу кезінен бастап бір жыл.

Топтық істер Қазақстан Республикасынан шыққаннан кейін екі жыл сақталады.

Шетел азаматтарын есепке алу карточкаларын жүргізуге қатысты топтық істер екі жыл сақталады.

Қазақстан Республикасының азаматтарымен некеге тұрған шетел азаматтарының, Қазақстан Республикасында қайтыс болған барлық шетел азаматтарының есепке алу карточкасы әрдайым сақталады.

117. Шетел азаматтарының жеке ісін құрту ҚІІББ, ІІБ бастықтары немесе оның орынбасарларымен бекітілген кесім бойынша арнайы құрылған комиссиямен жүргізіледі.

Бұл комиссияда міндетті түрде ұлттық қауіпсіздік органдарының өкілдері болуы тиіс.

Жеке істерін құрту туралы кесім әрдайым сақталады. Жеке істерін есеп кітабы мен есепке алу карточкасында істің қашан және құртылғаны туралы кесімнің қайда сақталғаны көрсетілуі тиіс.

118. Шетел құжаттары бар іс, білімі туралы, еңбек қызметі, әскер қатарында, қайтыс болғаны туралы құжаттары, кесім мен құжаттары, осы адамның бағалыларды бергенін қуаттауға арналған істер ұлттық қауіпсіздік органына

сәйкес арнайы кесімдері қаралған жағдайда құртылады.

119. Тарихи заттары бар істер мемлекеттік мұрағаттарға адамның болған орнына анықтама қосымшасымен беріледі.

120. Өтініш-сауалнама баспа беттері, есепке алу карточкалары мен басқа да құжаттар осы Нұсқауда көрсетілген ықтиярхат пен шақыру қағазы баспа беттерінен басқа ҚІІББ, ІІБ-да дайындалады.

## 11. Шетел азаматтарының белгіленген келу және кету Ережені сақтауын ішкі істер органдарының бақылауының негізгі бағыттары

121. Шетел азаматтары, азаматтығы жоқ тұлға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарының осы Ережені сақтауын талап етуді бақылау ұлттық қауіпсіздік органдарымен бірге ішкі істер органдарымен, сондай-ақ кәсіпорындармен, мекемелермен және шетел азаматтарын қабылдаушы және қызмет көрсетуші жеке тұлғалармен іске асырылады. Мұндай жұмысты ұйымдастыру аудандық, қалалық органдарда ҚІІББ, ІІБ-ның бастықтарына, басқарма бастықтарының орынбасарларының біріне жүктеледі.

122. Ішкі істер министрлігі, ІІБ, ҚІІББ және қала, аудандық ішкі істер органдары ұлттық қауіпсіздік органдарының бөлімшелерімен бірге кәсіпорынның, ұйымдардың, оқу орындарының әкімшіліктерімен Қазақстан Республикасына шетел азаматтарының келу жағдайларын қамтамасыз етумен және келесі негізгі бағытта жұмыстарды ұйымдастырады:

1) Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы және оны бұзуына жауапты заңдылықтарын талап етуді әкімшілік түсіндіру U952337_ ;

2) оқу орындарының шетел азаматтарымен жұмыс бойынша деканаттары, студенттік қалашық коменданттары мен жатақханадағы шетел азаматтарын есепке алу мәселелеріне, кадр бөлімі қызметкерлеріне кәсіпорындар мен ұйымдардың сыртқы байланыс топтарына практикалық және әдістемелік көмек көрсету, олардың Қазақстан Республикасына уақытында келуін, Қазақстан Республикасына басқа да келу шарттарын сақтауды тексеру;

3) кәсіпорындармен, ұйымдардың және оқу орындарының олардың Қазақстан Республикасына келгенге дейінгі жағдайын жұмыс орнымен келуші шетел азаматының тұратын орнында қоғамдық тәртіпті ұйымдастыруды тексеруді қамтамасыз ету;

4) әртүрлі құқықбұзушылық жіберген шетел азаматтары туралы бірлескен ақпараттармен қамтамасыз ету, соның ішінде ұлттық қауіпсіздік органымен;

5) шетел азаматын қабылдаушы және қызмет көрсетуші ұйымдармен, кәсіпорындарды олардағы шетел азаматтарының есепке алынуын және тіркелуін тексеру.

Тексеріс тоқсанына бір рет тоқсан бойынша белгіленген тәртіппен жүргізіледі .

Қорытындысы ішкі істер органы бастығына баяндалады және осы мәліметтер ұйымдармен, мекеме жетекшілеріне жіберілген бұзушылықты жою үшін жеткізіледі.

123. ҚІІББ, ІІБ, көліктегі ІІБ аумақтарындағы қызмет көрсетілетін барлық шетел азаматтары Қазақстан Республикасының олардың құқықтық жағдайы туралы заңдылықтарынан шығатын міндеттерін орындауға міндетті, келген пункттеріне Қазақстан Республикасының СІМ мен оның мекемелерінде немесе ішкі істер органдарында белгіленген үлгіде тіркелген төлқұжаттарына рұқсаты бар, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтары - ықтиярхатпен. Сондай-ақ шетел азаматтарының жүріп-тұруы, Қазақстан Республикасында болу мерзімі мен уақытында шетелге кету тәртібін сақтауды тексеру ұйымдастырылады. Бұл жұмыс келген шетел азаматтарының қоғамдық орындардағы құрамды бөлігі болып табылады.

124. Шетел азаматтарының жеке пәтерлеріне бару тек ішкі істер органдарының екінші қызметкерінің қатысуымен, немесе жеке пәтерлер кооператив өкілі (ЖКӨ), жергілікті әкімшіліктен және басқа да қоғамдық өкілі қатысуымен Қазақстан Республикасының заңындағы талаптарға сәйкес рұқсат етіледі.

Дипломатиялық агенттіктің адамдары және олардың жеке резиденциясы жағдайы мен ондағы басқа да бар мүлікті қолдану.

125. Шетел азаматтарын қабылдау көші-қон полиция бөлімшелерінде арнайы оңашаланған жабдықталған жайда жүргізіледі.

126. Ішкі істер органы тексеруді ұйымдастыру үшін шетел азаматтарының есебімен келген орны туралы мәліметті білуі міндетті. Қалалық, аудандық ішкі істер органына бұл мәліметтер түсуі қажет:

1) ІІБ-нан шетел азаматтары туралы;

- Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат етілгендер;
- Қазақстан Республикасына жеке істерімен келушілер;
- Қазақстан Республикасына жұмысқа келушілер;

2) ұйымдармен, кәсіпорындар, оқу орындарынан:

Қазақстан Республикасына іс мақсаттарымен, оқуға, өндірістік тәжірибе өтуге, біліктілігін арттыруға, демалуға және емделуге, тәжірибе алмасуға келген шетел азаматтары туралы.

127. АХАТ органдарынан ІІБ-на үш күн ішінде шетел азаматының азаматтық жағдайы кесімінің тіркелгені туралы хабарлама түседі. Егер шетел азаматы мен Қазақстан Республикасы азаматы арасындағы неке бұзылғаны туралы хабарлама түскен жағдайда шетел азаматын Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға

қалдыру шешімі неке негізінде болса, ІІБ Қазақстан Республикасындағы көрсетілген шетел азаматының келешектегі келу мүмкіндігі туралы мәселені қарайды.

128. Қазақстан Республикасының заңдылықтарын, осы Ереженің, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының және заңды тұлғалардың заңдық және құқықтық сақтау қатынастарының орындалуын бақылау прокуратура органдарымен іске асырылады.

## 12. Бақылауды іске асыру туралы қалалық, аудандық ішкі істер органдары бөлімшелерінің негізгі міндеттері

129. Тергеу және жедел қызмет бөлімшелерінің қызметкерлері:

1) жедел-іздестіру және тергеу шараларын жүргізу, алдын-ала жүргізілген тексеру және басқа да қызметтік міндеттерді орындау кезінде шетел азаматтарымен кездескенде, шетел азаматтарының Қазақстан Республикасына келуге рұқсаты бар ма осыны анықтау мақсатында елді мекенде, ауданда жүріп-тұрғанда өз ресми әрекетін төлқұжатын және келу құжаттарын тексеруден бастайды. Жекелей алғанда тексерілетін:

- төлқұжаты және оның мерзімі;

- рұқсатнамасының мерзімі, Қазақстан Республикасына шақыру туралы куәлігі немесе ықтиярхаты;

- келген елді мекеннің немесе маршрутпен қозғалуы рұқсат етілген жазуы бар төлқұжатының тіркелгені туралы жапсырмасы. Егер шетелдік азамат шетелден жеке істерімен шақырушы қабылдаушы қазақстандық ұйым, мекеме немесе азаматымен ілесіп жүрсе, онда тексеріс көрсетілген адамдармен жүргізіледі.

Егер шетел азаматының жеке басын куәландыратын құжаты жоқ болған жағдайда, белгіленген үлгіде оған тексеріс жүргізіледі;

2) егер шетелдік азаматпен немесе оған қатысты қылмыс, қоғамдық тәртіпті бұзу істелсе Қазақстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес шара қолданылады. Егер артықшылығы мен сақтандыру қолданатын немесе оған қатысты қылмыс істеген адамның шетелдік азаматтың жеке басын куәландыратын құжаттарынан берілгендері жазылады (хаттама құрылады), көрсетілген адам ұсталады;

3) Шетелдік азаматтың жоғалуы туралы өтініштері мен хабарламаларын алған кезде белгіленген үлгіде уақытында қаралып, тергелуіне шұғыл шаралар қолданылады. Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрлігі хабарланып, арғысын ішкі істер органдарының басшылығымен ізтестіру бойынша ерекше материал дайындалып, тәртіппен бақылауға алынады;

4) Шетел азаматтарының мүліктік қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіптегі күзетті қамтамасыз ету үшін тоқсан сайын және ағымдағы тексеріске қатысады, белгіленген ережені және Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының

құқықтық жағдайын реттейтін заңдық нормалардың орындалуын талап ету мақсатында шетел азаматтарын қабылдаушы және қызмет көрсетуші ұйымдар мен кәсіпорындардағы шетел азаматтарына қатысты және құқық бұзу мәселесіне көңіл бөлінеді;

5) Қалалық, аудандық Көші-қон полиция бөлімшелері немесе ІІБ барлық анықталған Ережелерді бұзу және бұзушыларды есепке алу үшін қабылданған шаралар туралы хабарлайды;

6) Шетел азаматтарын ұстаған және тұтқындаған жағдайда жедел қызмет және тергеу бөлімшелерінің қызметкерлері Қазақстан Республикасы аумағындағы шетел азаматтарының дипломатиялық өкілдіктеріне азаматтың ұсталғаны, тұтқындалғаны туралы мемлекет хабарлама туралы Нұсқауды басшылыққа алуы керек.

Қазақстан Республикасының ҚІЖК Z970206_ нормаларына сәйкес, қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін іздеу салынған шетелдік азаматтарын дәстүрлі тұтқынға алу, прокурордың қаулысымен қолданады. Өз елінің аумағында қылмыстық қудалауға түскен шетелдік азаматтарды, жауапкершілікке тарту үшін қайтаруды орындау, тек Қазақстан Республикасы Бас прокурордың немесе уәкілді прокурордың нұсқауы негізінде жүргізіледі.

130. Көші-қон полиция бөлімшелерінің қызметкерлері:

1) Қазақстан Республикасындағы қала, аудан аумағында тұратын, сондай-ақ Ережені бұзушы шетел азаматтарын есепке алуды жүргізу;

2) Қазақстан Республикасындағы шетелдік азаматтардың құқықтық жағдайы туралы U952337_ заңдылықтарын және белгіленген Ережені кәсіпорынның, мекеменің және ұйымның лауазымды тұлғаларына, теміржол, теңіз, өзен, әуе және автокөлік кассаларының қызметкерлеріне, автошаруашылықтың жүргізуші құрамына, сондай-ақ қонақ үй, кемпинг, санаторий, демалыс үйлері, турбаз, сондай-ақ Қазақстан Республикасына шетелден қонақ шақырушы қазақстандық азаматтарға түсіндіру;

3) Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы белгіленген Ережені және осы Нұсқаудың кейбір керекті бөліктері туралы заңдылықтарды талап ету үшін шетел азаматтарын қабылдаушы және қызмет көрсетуші мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың лауазымды тұлғаларына тоқсандық тексеріс жүргізіледі;

4) қабылдаушы ұйым өкілдерінің қатысуымен қонақ үй, кемпинг, санаторий, демалыс үйлерін, студенттік қалашықтарды, тұратын турбаз мәселелерін және шетел азаматтарының келуін тексеру және есепке алу жүргізіледі;

5) полиция инспекторларымен бірге тұрақты тұратын шетелдік азаматтардың, сондай-ақ ішкі істер органдарының рұқсатынсыз келген, тіркеусіз тұратындарға тексеріс жүргізіледі;

6) Қазақстан Республикасына келген шетелдік азаматтардың төлқұжаттарын тіркеуді ресімдейді;

7) олардың Ережені сақтауын және уақытында Қазақстан Республикасынан кетуін сақтауды ұйымдастыру үшін полиция учаскелік инспекторын 48 сағат мерзімге, Қазақстан Республикасында болуға шақырту алушыларды таныстырады;

8) қылмыс жасағандықтан мемлекетаралық іздеу салуға жарияланған және ішкі істер органдарының тіркеуінен жасырынушыларды шетелдік азаматтарды іздеуді және оларды ұстауы, өз құзырының шегі Қазақстан Республикасының заңымен анықталған, криминалдық полициямен өзара әрекет жасап, әкімшілік практиканы іске асыруға қатысады;

9) шетел азаматтарының келуін тексеруді іске асыру туралы жұмыстарын қорытындылайды, әкімшілік органдарға, Ішкі істер министрлігіне, ІІБ, сондай-ақ қабылдаушы ұйымдарға ақпарат үшін материалдар дайындайды;

10) мемлекеттік органдардың ресми сұрау бойынша сұратылған тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтығына тиістілігі туралы мәлімет ұсынады;

11) ішкі істер органдарының басқа да қызмет қызметкерлеріне осы Нұсқаудың орындалуын тексеруді өз құзырына іске асырады.

131. Полиция учаскелік инспекторы:

1) аумақта тұрақты тұратын және қызмет көрсетілетін шетел азаматтарының тізімдік есепке алынуын жүргізеді, тоқсанына бір рет қоғамдық өкілдермен бірге олардың тұратын жерлерін тексереді (қосымша 20). Қорытындысы туралы қалалық, аудандық органдар жетекшілеріне тексеру күні, айы, жылы, тексеру кіммен жүргізілгені, тексерілуші шетел азаматының тегі, аты-жөні, тұратын мекен-жайы, ықтиярхатының нөмірі, мерзімі көрсетілген мәлімдемені баяндайды. Тұратын шетел азаматтарының тексеру карточкаларында тексеру қорытындысы көрсетіледі;

2) профилактикамен құқық бұзушылықты анықтау мақсатында кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар әкімшілігі мен кадрлар бөлімімен тұрақты тұрып жұмыс істейтін шетел азаматтары туралы байланыста болады;

3) Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік қорғау және еңбек Министрлігінің рұқсатынсыз келгендерді ішкі істер органдарының жоспары бойынша мекемелер мен кәсіпорындардың кадр бөлімі жұмысқа қабылданған шетелдік азаматтарды анықтайды;

4) көші-қон полиция қызметкерлерімен бірге қызмет көрсетілетін аумақта шетелдік азаматтардың тіркелу тәртібін сақтауын қонақ үй, демалыс үйлері, санаторийдің лауазымды тұлғаларымен келген шетел азаматтарын тексеруді жүргізеді.

5) қызмет көрсетілетін аумақтың жай үйлерде тұратын шетел азаматтарын

анықтау жұмыстарын, жеке істерімен шақырылушы шетелдік азаматты және оның уақытында тіркелуін, баспанамен қамтамасыз етуші және белгіленген Ережені бұзуға басқа да көліктер құралдарымен көмек беруші қызметтері азамат. Осындай адамдарды анықтағанда әкімшілік хаттама құрылады және оны қалалық, аудандық ішкі істер органдары жетекшілеріне баяндайды.

6) шетелдік азаматтар тұратын студенттік жатақханаларды көші-қон полиция қызметкерлері мен шетел азаматтары бойынша жұмыс деканатымен, студенттік қалашықтар мен жатақханалардың коменданттары тексеруге қатысады;

7) әкімшілік практиканы іске асырады және ішкі істер органына есепке тұрудан жасырынушы шетел азаматтарын іздестіруге қатысады.

132. Жол полициясы қызметкерлері:

1) Қазақстан Республикасы өкілеттілігіндегі шетел азаматтарының көлік құралдарын есепке алуды жүргізеді, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға арнайы сериалы нөмір белгілері беріледі (қосымша 20);

2) жүк тасуға рұқсатын, жүкке көліктік құжаттамасы халықаралық жүк автотасымалына;

3) Әкімшілік артықшылығы мен сақтандыруы жоқ жол ережесін бұзған шетел азаматына жалпы жағдайдағы әкімшілік жаза қолданылады P971650_ .

133. Жол полиция қызметкерлерінің аса көңіл бөлетіні дипломатиялық артықшылығы мен сақтандыруы бар адамдар.

Өкілдіктердің қызметкерлерінің көліктерін жол жүру ережесін бұзғаны үшін тоқтатқан кезде қызметкер мәдениетті, ұстамды және IIO-ның нормативтік құқықтық кесімдерінде көрсетілген қарым-қатынас ережесін сақтауы тиіс.

Шетел азаматтары мен өкілдік қызметкерлері жол полициясымен байланысқа тек қызметтік міндеті шегінде ғана кіреді. (ЖЖЕ бұзған жағдайда, қозғалыс жағдайын түсіндіреді, автомобилді техникалық...)

ЖЖЕ бұзған мемлекеттік нөмірлі серия белгісі CMD және D автомобиль жүргізушісін жол полиция қызметкері тоқтатпайды. Мұндай жағдайда автомобильдің маркасы, мемлекеттік нөмір белгісі, орны, бұзу уақыты көрсетілген мәлімдеме құрылады, осы оқиға туралы Қазақстан Республикасының СІМ-не хабарланады.

ЖЖЕ өрескел бұзған жағдайда тоқтатса (мас күйінде көлік жүргізсе, жол апат жағдайын жасаса, жүру жылдамдығын асырса, бағдаршам, ЖЖЕ бұзса, жол-көлік уақиғасын жасаса) ЖЖЕ көлік құралдарын жүргізген бұзақы шетел азаматтарына шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктері мен халықаралық ұйымдар өкілдіктерінің қызметкерлерін, жол полициясы қызметкерлері тексереді:

1) белгіленген Ережелерге сәйкес тіркелген төлқұжаттарын, Қазақстан Республикасының сыртқы істер Министрлігімен берілген өкілдіктер

қызметкерлері үшін - дипломатиялық және қызмет төлқұжаттары немесе қызметтік, консулдық карточкаларын;

2) автомобиль жүргізу құқығы құжаттары - 1968 жылғы Жол қозғалысы туралы Конвенция талаптарына сай халықаралық немесе ұлттық жүргізу куәлігі, сондай-ақ олардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды сендірілген аудармасы;

3) көлік құралдарының тіркелгені туралы куәлік немесе шыққан елінде тіркелгені туралы халықаралық куәлік.

Жол жүру ережесін өрескел бұзған автокөлікті тоқтатып, жүргізушінің дипломатиялық төлқұжаты, Қазақстан Республикасының СІМ-нің консулдық немесе дипломатиялық карточкасы, БҰҰ-ның және оның арнайы мекемелерінің төлқұжатын көрсеткен жағдайда, олардан жүргізу куәлігі алынбайды, ал аткөлігі жіберіледі. Мұндай жағдайда автомобилдің маркасы, мемлекеттік нөмір белгісі, бұзу орны, уақыты көрсетілген мәлімдеме құрылады. Бұл туралы Қазақстан Республикасының СІМ-не хабарланады.

Егер өкілдік қызметкері автокөлікті жүргізу кезінде мас болған жағдайда ішкі істер органының қызметкері оған медициналық куәландыруды ұсынады, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама құрылады, жүргізу құжаттары өзіне қайтарылып беріледі. Егер өкілдік қызметкері медициналық куәландырудан бас тартқан жағдайда ішкі істер қызметкері екі куәгердің қатысуымен хаттама толтырады. Материал толтырылғаннан кейін ішкі істер қызметкері Ішкі істер министрлігінің, ІІБ, ҚІІББ, АІІБ-ның кезекшісі арқылы өкілдіктің автомобилін беру үшін және хаттамамен танысу үшін шақыртылады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының СІМ-нің өкілі шақыртылуы мүмкін. Егер шақыртылған өкіл келе алмаған жағдайда, ішкі істер қызметкері жүргізушіге автомобилді қалдырып , баратын жеріне басқа көлікпен баруды ұсынады, автомобиль белгіленген тәртіпте ұсталған көліктер тұратын автотұраққа қойылады.

ЖКО жасаған өкілдік қызметкеріне ішкі істер органының қызметкері көлік уақиғасын айтып, қатысушы азаматты ұстау, куәгерді анықтау, жағдайды сақтау, заттай дәлелдеулерде жәбірленушіге көмектесуге шара қолданады. Болған уақиға туралы жол полициясы құрылымдық бөлімшенің кезекші бөліміне немесе жақын сол маңдағы ішкі істер органына хабарлайды.

Мүмкіндік болған жағдайда уақиға болған жерге Қазақстан Республикасының СІМ немесе дипломатиялық өкілеттік өкілі шақырылады.

Дипломатиялық өкілеттік қызметкері жүргізетін автомобиль, оның жүргізушісі кінәлі болған жағдайда да олардың келісімінсіз ұсталмайды. Егер жүргізуші немесе оның қасындағы жолаушылардың ЖКО материалдарын толтырудан бас тартса, ішкі істер органының қызметкері уақиғаға қатысты мәліметтерді жазады да кетуіне рұқсат береді. Хаттамада жүргізуші мен

куәгердің қатыспау себебі туралы жазылады.

Өкілеттік қызметкерлері кінәсінен болған ЖКО туралы хаттама ҚІБ, ІІБ басшыларына жіберіледі, сәйкес қаралулардан кейін көшірмесі Қазақстан Республикасының СІМ-не жіберіледі.

134. Көліктегі ішкі істер органының қызметкерлері:

1) Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасы аумағында теміржол, әуе, су көліктерімен болу, жүріп-тұру ережелерін тексеруді іске асырады;

